

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2007 жылғы 18 сәуірдегі N 120 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облыстық әкімдігінің 2007 жылғы 16 қарашадағы N 366 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2007 жылғы 3 желтоқсанда N 3229 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық әкімдігінің 2013 жылғы 09 тамыздағы № 261 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық әкімдігінің 09.08.2013 № 261 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңының 27, 37 баптарына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2007 жылғы 30 мамырда Ақтөбе облысы бойынша Әділет департаментінде N 3206 тіркелген "Азаматтардың жекелеген санаттарына санаторий-курорттық емделуге мүмкіндік беру нұсқаулығын бекіту туралы" Ақтөбе облысы әкімдігінің 2007 жылғы 18 сәуірдегі N 120 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) Ақтөбе облысы әкімдігінің 2007 жылғы 18 сәуірдегі N 120 қаулысымен бекітілген "Азаматтардың жекелеген санаттарына санаторий - курорттық емделуге мүмкіндік беру Нұсқаулығының" 2 тармағы мынадай редакцияда жазылсын: "Осы нұсқаулық азаматтардың жекелеген санаттарына санаторий-курорттық емделуге мүмкіндік беру жөніндегі заңнаманың қолданылуын нақтылайды".

2) Нұсқаулықтың 2 бөлімінің "Азаматтардың жекелеген санаттарына санаторий-курорттық емделуге мүмкіндік беру" атауы "Санаторий-курорттық емделуге мүмкіндік беру" деп өзгертілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары **Ә.М.Рахымжановқа** жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі